

АНКВЫНН

Құралайды көзге атқан қазақтар



Знатный снайпер старшина Ибрагим Сулейменов из огневой позиции. Калининский фронт, 1943 год

Екінші дүниежүзілік соғыста ерлігімен көзге түскендердің біразы – мергендер. Совет Одағы 1942 жылдан бастап үш, алты айлық мергендер курсы ашып, оларды даярлауға көп көңіл бөлді. Сөйтіп, соғыста сұрмергендердің санын көбейтті. Совет Одағының ең сұрмергені Михаил Сурков еді. 4-атқыштар дивизиясы мергенінің «қолынан» 702 жау ажал құшты. Одан кейін Владимир Салбиев (601), Василий Квачантирадзе (534), Ахат Ахметьянов (502), Иван Сидоренко (500), Иван Кульбертинов (487), Василий Голосов (422), Василий Зайцев (242) секілді мергендер көш бастады. Жалпы, советтік 17 мергеннің өлтірген адамы 400-ден асып жығылады екен. 25 мерген 300-ден астам, 36 мерген 200-ден астам жауды жер жастандырған.

Соғыс жылдарында қазақтың да мерген ұл-қыздары аз болмады. Солардың ішіндегі ең сұрмергені 397 жауды жайратқан, 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының 2-атқыштар ротасының аға сержанты Төлеуғали Әбдібеков болатын. 1916 жылы Семей облысының Жарма ауданында дүниеге келді. Бала кезінен аңшылықпен айналысты. 1942 жылы соғысқа алынып, Калинин майданында шайқасты. Соғыста мергендігімен көзге түсті. Жау жағы оны «қара ажал» деп атады. Төлеуғали 1942 жылдың желтоқсанына дейін 219 фашистің көзін жойған екен. 8-гвардиялық атқыштар дивизиясының «За Родину» майдандық газетінде: «Сейчас на боевом счету снайпера Т.Абдыбекова 102 истребленных гитлеровских ублюдка, которые никогда больше не будут распространять зловоние на нашей земле: «Пока видят мои глаза и руки крепко держат винтовку, не будет житься фашистам, – говорит

снайпер» деп жазды. Соғыстағы ерліктері ескеріліп, «Қызыл жұлдыз» (1942), «Красное знамя» (1943) ордендерімен марапатталды.

1944 жылдың ақпанында мойнына оқ тиді, алайда ажалмен арпалысып жатса да өзін көздеген жауды мерт қылды. Ұзамай өзі де дүние салды. Төлеуғали Әбдібеков өлгеннен кейін, Кеңес Одағының батырына ұсынылды. Алайда бұл атақ оған берілмеді. Себебі, ағасы Кемелбай «халық жауы» деп атылып кеткен болатын. Өлгеннен кейін «І дәрежелі Отан соғысы» және «Ленин ордендері» берілді. Батырдың сүйегі Псков облысының Монаково деревнясына жерленді. Бүгінде Төлеуғалидың винтовкасы Алматыдағы Орталық мемлекеттік музейде сақтаулы тұр.

Атақты мерген Филипп Рубахо да – қазақтың қайсар ұлдарының бірі. 1923 жылдың қаңтарында Ростов облысының Ақсай қаласында дүниеге келді. Шешесі – украин қызы. Алайда жастайынан жетім қалып, Батуми қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. Құжаттарында Филипптің ұлтын «қазақ» деп көрсеткен. Соған қарағанда, оған бұл есімді осы жетімдер үйінде берген секілді. Соғыс басталған кезде Филипп Қара Теңіз флотына алынды. 3-теңіз полкының 7-бригадасы құрамында шайқасты. 1942 жылы флоттың мергендер мектебін бітіріп, Новороссийск әскери-теңіз базасының мергендер тобының командирі болды. І дәрежелі старшина шенін алып, Оңтүстік майдандағы Ростов, Қобан, Солтүстік Кавказ үшін болған шайқастарға қатысты. 1943 жылдың шілдесінде Филипп Рубахо неміс плацдармын басып алып, гарнизонымен бірге жарып жіберді. Осы ерлігі үшін оған «Қызыл Ту» ордені берілді. «Малая земля» жеріндегі ұрыста Филипптің винтовкасынан мерт болған жау саны 276-ға жетті.

1944 жылдың қаңтарында Филипп Рубахо Новороссийск портындағы жау бекінісіне қарсы ұрысқа қатысты. Бұл оның ең соңғы шайқасы болатын. Екі рет жарақаттанғанына қарамастан, қайсарлықпен жауға қарсы ұмтылған Филипп үшінші оқтан жан тапсырды. Өлер алдында оған Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Одан бөлек «Ленин орденімен» және «Алтын жұлдыз» медалімен марапаттады. Сүйегі Сочи қаласында жерленді. Батырдың винтовкасынан 346 неміс солдаты мен офицері жан тәсілім етіпті. Шәкірт тәрбиелеп, 72 мерген дайындады.

Немістер «Дала мергені» деп ат қойған аға сержант Ибрагим Сүлейменов те қазақ сұрмергендерінің бірі. 1908 жылы Жамбыл облысының Сарысу ауданында дүниеге келді. 1941 жылы соғысқа алынып, 100-атқыштар бригадасында қызмет етті. Мерген ретінде Ржев түбінде болған шайқаста танылды. Бұл кезде оның мылтығынан 39 нацист тіл тартпай кеткен болатын Великие Луки үшін болған шайқаста 111 жауды жайратты. 1943 жылдың қазанына дейін Ибрагим 239 фашисті о дүниеге аттандырыпты. Бұл туралы Армия генералы, Кеңес Одағының батыры Кузьма Галицкий «Годы суровых испытаний» кітабында: «Знакомя меня с личным составом... в частности, представили двух снайперов – старшего сержанта Ибрагима Сулейманова, награждённого орденом Красной звезды, и Ахмета Жумагулова. На счету у первого из них было 239 убитых фашистов, у второго – 101» деп жазды.

1943 жылдың 16 қазанында Невелдің батысындағы Озоч стансасы маңында болған ұрыста Ибрагим қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметовамен бірге шайқасты. Жаудың оң жағын Мәншүктің пулеметі жайпаса, сол жағын Ибрагим нысанасына алды. Осы кезде ол 12 жау солдатын өлтірді. Соңында Ибрагимнің оғы таусылып, жауға жалаң қолмен тұра ұмтылды. Осы кезде өзіне қарай ұшқан жау оғынан тіл тартпай кетті. Мәншүк те осы шайқаста бақилық болды. Майдандастары қазақ батырларын Кеңес Одағының батыры атағына ұсынды. Алайда Мәншүкке берілген батыр атағы Ибрагимге бұйырмады. Оған «Ленин ордені» ғана берілді.

Оның алдында «Қызыл жұлдыз» орденін алған болатын.

Музыкант-композитор Ғалым Қойшыбаев та соғыста мергендігімен танылған. 1919 жылы БҚО-да туды, балалар үйінде тәрбиеленді. Домбырашылығымен көрініп, 15 жасында Дина Нұрпейісовамен бірге оркестр құрамына алынды. Соғыс басталған 1941 жылы Ғалым 2-гвардиялық бригада сапында Старая Русса түбіндегі қан майданда қайсарлығымен көзге түсті. Жаралы 30 жауынгерді шанаға салып, шайқас алаңынан алып шықты. Ерлігі үшін «Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Кейін Ғалымды 391-атқыштар дивизиясы құрамында Мәскеу, Ржев, Вязьма түбіндегі майдандарға қатысты. Осы дивизияның «За Родину» газетінің 1942 жылғы 21 қыркүйегіндегі санында «Следуйте примеру лучших снайперов» деген мақала жарияланып, онда сержант Қойшыбаевтың 20 фашистің көзін жойғаны жазылған. Арада төрт күн өткенде осы газет тағы «Мсти, воин!» деген мақала жариялап, онда Ғалымның өлтірген гитлершілерінің саны 37-ге, бір айдан соң 64-ке жеткенін хабарлады. 1942 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінде политрук Л.Шебаршин «на лицевом счету снайпера Койшибаева – 79 фашистов» деп жазды. 1943 жылдың қыркүйегінде «На разгром врага» газеті «Герой Н-ской части отважный снайпер Галим Койшибаев, истребивший свыше 100 немецких захватчиков, награждён орденом Боевого Красного Знамени» деп сүйіншіледі. Жалпы, Ғалым 200-ден астам неміс солдаты мен офицерінің көзін жойды. Оның 100-і – өзі секілді мергендер болатын. Бұдан бөлек 4 танкті жайратты. Ерлігі үшін Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылды, алайда берілмеді. «I дәрежелі Отан соғысы» ордені ғана берілді.

1944 жылы Варшава маңындағы ұрыста ауыр жараланды. Осымен 4-мәрте жарақат алған Ғалым Қойшыбаев үшінші топтың мүгедегі болып елге оралды. Соғыстан кейін Құрманғазы ұлттық аспаптар оркестрінде, Ақтөбе облыстық филармониясында, Қазақконцертте қызмет етті. Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген артисі атағын алды. 1985 жылы өмірден өтті. Екінші дүниежүзілік соғыс мергендерінің бірі – Ахмет Ералиев. Ол 195 жауды мерт қылған сұрмерген болатын. 1914 жылы Алматы облысында дүниеге келді. 1941 жылдың қыркүйегінде майданға алынып, Оңтүстік және Кавказ майдандарында шайқасты. Бастапқыда пулеметші, кейін 395-атқыштар дивизиясы құрамында мерген болды. 1942 жылдың сәуірінде сержант А.Ералиев 74 фашистің көзін жойғаны үшін «Ленин орденіне» ұсынылды. Алайда «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Соғыстан оралған соң, Көктал ауылында шопан болып қызмет істеді.



«Құралайды көзге атқан» Жұман Есіркеев те соғыста 143 фашисті сұлатқан мергендігімен танылды. Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас ауданында дүниеге келді. 1941 жылы майданға алынып, 251-атқыштар дивизиясы 927-атқыштар полкінің мергені болды. 3-Белоруссия және 1-Прибалтика майданында шайқасты. Ржев-Вязьма операциясы кезінде, Витебск қаласы үшін болған ұрыста ерлігімен еленді. Совет Информбюросы 1944 жылдың 7 маусымында «Снайперы Н-ской части старшина Алексей Русаков и сержант Джуман Эсиркеев за день истребили 8 немцев. Снайпер красноармеец Шумбасов за 6 дней уничтожил 13 солдат противника» деп хабарлады. Жұманды майдангер-фототілші Александр Фридлянский 1944 жылдың 15 маусымында фотоға түсіріп, суреттің сипаттамасына «Снайпер казах Джуман Эсиркеев смотрит в прицел своей винтовки. На его счету свыше 100 гитлеровцев. За боевые заслуги он награжден орденами Красного Знамени и Славы III степени медалью «За отвагу» деп жазды. Міне, Жұманның жаужүректігін осыдан-ақ байқауға болады. 1944 жылдың 28 қазанында шейіт болып, Литваның Лецково деревнясында жерленді. II және III дәрежелі «Данк» ордендерін, «Қызыл Ту» ордені және «Ерлігі үшін» медалін алды. Қазақ мергендерінің бірі – Малғажар Жәкеев. 1898 жылы СҚО-ның Қарағаш ауылында дүниеге келді. 1933-1935 жылдары «Дайындық» колхозының бастығы болды. 1942 жылдың наурызында соғысқа алынып, 1138-атқыштар полкі 338-дивизиясының мергені болды. Жауды жайратып, қайсарлық танытты. 42 гитлершінің көзін жойып, мергендігімен еленді. 1942 жылдың 24

тамызында оған «Ерлігі үшін» медалі берілді. Осы жылдың 30 қыркүйегінде кеудесіне «Қызыл жұлдыз» орденін тақты. 1943 жылдың 8 наурызында Красная Горка деревнясы үшін болған ұрыста мерт болды. Денесі Калуж облысы Юхновский ауданының «Климов завод» деревнясына жерленді. 1943 жылдың 23 ақпанындағы дерек бойынша, Малғажар Жәкеев 65 фашистің көзін жойды. Екі шәкірт мерген тәрбиеледі.

Басқа елдерден артықшылығы, Кеңес Одағы әйел-мергендер дайындауды да дұрыс көрді. Соның арқасында, Одақ бойынша мыңдаған мерген қыз-келіншек даярланды. Олардың мылтығынан 12 мың фашист ажал құшты. Арасындағы сұрмергені – Кеңес Одағының батыры Людмила Павличенко. Ол соғыс жылдарында 309 жауды мерт қылған. Людмила секілді сұрмерген қыздардың қатарында қазақтың қаһарман қызы, Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлова да бар. Әлия 2-Прибалтика майданындағы 22-жеке атқыштар бригадасының мергені болатын. Ефрейтор Ә.Молдағұловаға батыр атағы дүниеден өткеннен кейін, 1944 жылдың 4 маусымында берілді. Жаны жай тапқан жері – Псков облысының Новосokolьники мекені.